ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 29 сәуір №7119-24-00-2/2736 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, хатшылықта Ж.С.Демеуова отырып, ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Автомаркет.kz» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
аудармашы Д.Е.Саметаева, талап қоюшының өкілі Ю.Л.Русак, жауапкердің өкілі С.Шаншаров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) арасында «Бағалы ұсыныстарға сұраным» тәсілі бойынша жүзеге асырылған мемлекеттік сатып алу қорытындысы бойынша 2023 жылғы 29 желтоқсанда көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 448 000 теңгеге шарт жасалған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың қолданыс мерзімі 2024 жылдың 31-желтоқсанына дейін.

Шартқа, шартқа жалғанған 1-қосымшаға және қызметтің техникалық ерекшелігіне сәйкес, Өнім беруші Шартқа қол қойылған күннен бастап 2024 жылдың 31-желтоқсанына дейін Тапсырыс берушіге тиесілі автокөлікке техникалық қызмет көрсетуге міндеттенген.

Шарт біржақты Тапсырыс берушімен 9 ақпан 2024 жылы бұзылған.

Талап қоюшы, көрсетілетін қызметтің техникалық ерекшелігіне сәйкес Өнім беруші шарт жасалғаннан кейін оның Қазақстан

Документ подписан: Искалиева А. С., 03.05.2024

Республикасының аумағында ресми дилер болып табылатынын сертификаттың немесе басқа құжаттардың бар екендігімен растауы тиіс болған, алайда жауапкер мұндай құжатты ұсынбады деп, соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап арызды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сотта қойылған талаппен келіспей, қызмет көрсетуден бас тартпағанын, алайда көлікке сатушымен кепілдік қызмет көрсетілуіне байланысты, қызметті сол жерде көрсетуді ұсынғанын айтты.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Анықталғандай, жауапкер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған, қажетті құжаттарды ұсынбаған, көлікке техникалық қызмет көрсетпеген, осылайша Шарттың талаптары жауапкердің тарапынан бұзылған.

Заңның 38-бабы 4-тармағының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Сот, талап қою заңда көрсетілген мерзімде берілгенін, Шарттың бұзылғанын, Өнім берушінің қызмет көрсетпеуіне байланысты Тапсырыс

Документ подписан: Искалиева А. С., 03.05.2024

беруші үшін жағымсыз салдар пайда болғанын ескеріп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар деп есептеп, талап арызды қанағаттандырады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Ақпараттық-есептеу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынының жауапкер «Автомаркет.kz» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Автомаркет.kz» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Автомаркет.kz» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Документ подписан: Искалиева А. С., 03.05.2024